

"№27 жалпы білім беретін мектебі" КММ

2020 -2021 оқу
жылындағы
мектеп
кітапханасының
сараптама
жұмысы

Сәтбаев қаласы «№27 жалпы білім беретін мектебі» КММ кітапханасының жылдық сараптама жұмысы

Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында «Жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсеткен. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымның дамуы бағытының белгіленген басымдылығы шеңберінде білім беру мазмұнын жаңарту бойынша елеулі жұмыстар жүргізілуде. Жаңартудың негізгі мақсаты, ол – орта білімнің сапасын көтеру.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Мектеп кітапханасы бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ресурстық орталығы. Өскелең ұрпақтың талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту тұрғысында мектеп кітапханасының қосар үлесі бар. Мектеп кітапханасының қызмет аясын кеңейту, қорын пайдалану, соның ішінде мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдау, оқырмандық қызығушылығын кеңейту, сондай ақ рухани және интеллектуалды қатынысты, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы болып табылады.

Жаңа оқу жылына оқулықтар қабылданып, мөрленіп, тамыз айынан бастап мектеп оқушылары «Мектепке оқулықпен» тақырыбында оқулықпен толық қамтылды. Мектеп оқушыларын кітапханаға тіркеу оқырман формулярын толтыру және жаңа түскен кітаптарды журналға тіркеу жұмыстары атқарылды. Кітапхана жұмысының есебі берілді.

«Жарқын қала -Сәтбаев» тақырыбындағы тұрақты көрме мен 1 – 4 сынып оқушылары таныстырылды. Туған қаламыздың тарихы жайлы мағлұмат беріліп, қаланың ерекшелігі, салтанаты, еңбек еткен құрметті азаматтары жайында оқушыларды таныстырып, өз елін, жерін құрметтеуге, аялауға тәрбиелеу мақсатында өткізілді.



22 қыркүйек – Қазақстан Республикасындағы Тілдер күніне орай Қазақстан халқының мемлекеттік тілінің дамуына ықпал ету, өзге ұлт өкілдерінің

тілдеріне құрмет көрсету мақсатында «Ана тілің – асқар шыңың» тақырыбында тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылған.



«Кітапхана айдынында» тақырыбында жаңа кітаптарға шолу жасаланып онлайн таныстырылды.



Қазан айында мектебімізде баспасөз құралдарына жазу жүргізілді. Мектеп оқушылары мен ұстаздары өздері қалаған газет, журналдарына жазылды.

Бір отбасы – бір кітап облыстық акциясы бойынша кітапханамызда дана да, дара Абай атамyzдың 175 жылдығына кітапханамызда көптеген іс шаралар ұйымдастырылды. «Адамзаттың перзенті – ұлы Абай» кітап көрмесі,



"Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге"

Абай Құнанбаев

КІТАП ОҚЫҢЫЗ!



175



“БІР ОТБАСЫ – БІР КІТАП” АКЦИЯСЫ



«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» табиғат лирикасына мәнерлеп оқу сайысы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай “Бір отбасы- бір кітап” акциясы Сәтбаев қаласының №27 жалпы орта білім беретін мектебінде қарқынды белсенділікпен өтуде.

Акцияның мақсаты – жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту болып табылады. Акция барысында қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдығына орай ұлы ақынның шығармаларын оқып, талқылау ұсынылды.

✓ 2-4 сыныптар: Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы;

- ✓ 5-6 сыныптар: Абай Құнанбайұлының аудармалары;
 - ✓ 7-8 сыныптар: Абай Құнанбайұлының поэмалары;
 - ✓ 9-10 сыныптар: Абай Құнанбайұлының қарасөздері.
- Жеңімпаз отбасы сайыстың қалалық кезеңіне өтеді.

Мектепшілік жоспарға сай 1-4-сынып оқушылары арасында Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасына арналған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайысқа 8 отбасы қатысып, сайыс қортындысы бойынша жеңімпазы анықталды. Алдағы уақытта да тағылымы моліс-шаралар жалғасын таба бермек. Абайдың өшпес мұрасы оқушылар қауымы мен ата-аналарға ерекше шабыт пен белсенділік сыйлауда.



“БІР ОТБАСЫ – БІР КІТАП” АКЦИЯСЫ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

I орын Лекеровтер отбасы, 2“Б” сыныбы, 285

II орын Баттал отбасы, 4 “А” сыныбы, 225

III орын Жарасовтар отбасы, 4“А” сыныбы, 196

III орын Серіковтер отбасы, 3 “Б” сыныбы, 193

“Көрермен көзайымы” номинациясының иегері
Тұрғанбай отбасы, 3 “Ә” сыныбы

Белсенді қатысушылар:
Әміровтер отбасы, 2 “Ә” сыныбы
Сембетовтер отбасы, 2 “Б” сыныбы
Рахымберді отбасы, 2 “А” сыныбы

«Асыл сөзді іздесең» Абай аудармаларынан театрландырылған қойылым,



«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» Абайдың поэмаларына тақырыптық викторина,



«Абай қара сөздері – даналықтың шыңы» қара сөздерінен отбасылық байқау ұйымдастырылды.



1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес акциясы аясында «ЖИТС – ғасыр дерті» тақырыбында кітап көрмесі жасалынды. Кітап көрмесінде әртүрлі денсаулыққа байланысты кітаптар мен ЖИТС-ке байланысты үндеу парақшалары қойылды.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы мен Елорда - егіз ұғым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. «1 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні» тақырыбында кітап көрмесі жасалды.



«Желтоқсан – Тәуелсіздіктің белгісі» атты ақпарат, фотосурет көрмесі жасалынса, «Арайлай бер азаттықтың ақ таңы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінде ақын – жазушылардың «Тәуелсіздік» жайындағы кітаптары мен тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев жайындағы еңбектері қойылды. Мақсаты оқушыларға қазақ халқының тарихын түсіндіру, халқы үшін, жері үшін құрбан болған батырлардың ерлігін дәріптеу, оқушылардың елін, туған жерін, халқын сүйуге, патриоттыққа тәрбиелеу.



Оқушылардың қысқы демалысын қызықты тартымды ұйымдастыру мақсатында «Қылышын сүйреп қыс келді» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының арасында қашықтықтан сурет салу ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің суретерінде қыс мезгілінің әдемі көріністерін бейнеледі.





«Кітапхана-рухани байлық ортасы» тақырыбында 0 - 1 сынып оқушыларына, мектеп кітапханасына саяхат сабағы ұйымдастырылды. Оқушыларды кітапханамен , коворкинг орталығымен, кітапхана қорымен, оқулықтар бөлмесімен таныстырылды. Оқушыларды кітапты қазақ халқы киелі, қасиетті, құдіретті зат деп бағалағанын айтып, кітапты қастерлеу, ұқыпты ұстау жөнінде кітапхана ережелерімен таныстырдым.




Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 4 – отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы әзірленіп барлық облыстың мектептеріне жіберілді. Аталған жоба аясында біздің мектебіміздің кітапханасында «Bookcrossing» ұйымдастырылып отыр.

«Bookcrossing» - басты мақсаты ол - үйімізде шаң тозаң басып жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау». «Bookcrossing» мақсаттары оқырмандар арасында «кітап аламастыру» акциясын жүргізу; әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту; күнделікті әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру.



«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» жобасы аясында ұйымдастырылған «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» атты ақынның өлеңдерін жатқа оқу челленджін 5-6 сынып оқушылары арасында жолдады.

Сонымен қатар, М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай мектеп кітапханашылар арасында ұйымдастырылған М.Мақатаевтың өлеңдерін оқу челленджі жолданды.



«Жыр алыбы – Жамбыл» кітапханамызда кітап көрмесі жасалынды.





Сәтбаев қаласы, №27 жалпы білім беретін мектебі, "Бір отбасы -бір кітап" акциясы аясында "Оқырман отбасы" байқауы, ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына - 30 кітап оқу арқылы оқырман отбасын анықтау. 2"Ә" сынып оқушысы отбасымен Мұқағали Мақатаевтың "Әже" әңгімесін талдады.




Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған «Оқырман отбасы» акциясы шеңберінде Сәтбаев қаласындағы №27 жалпы білім беретін мектебінің 1"А" сынып оқушысы отбасымен бірге Ыбырай Алтынсариннің "Мейірімді бала" шығармасын оқу сәтінен.



"Бір отбасы - бір кітап" облыстық акциясы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Оқырман отбасы" облыстық байқауы өткізілуде.


Мақсаты: Отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, оқырмандардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына - 30 кітап оқу арқылы оқырман отбасын анықтау. Сіздердің назарларыңызға Сәтбаев қаласының №27 жалпы білім беретін мектебінің 3"Ә" сынып оқушылары Мұхтар Мағауиннің "Тазының өлімі" шығармасын отбасымен талқылады.




Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қоғамдық гуманитарлық» бірлестік мұғалімдері қазақ көркемсөзінің табиғатын ашып, құдіретін танытқан көрнекті жазушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Р.Отарбаевтың драматургиясына шолу жасады.



"Бір отбасы-бір кітап" жобасы аясында "Оқырман отбасы" байқауына Сәтбаев қаласы "№27 ЖББМ" КММ 10 "Ә" сынып оқушылары А.С.Пушкиннің "Капитанская дочка" кітабын талқылады



Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласындағы №27 жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушылары Т.Крюкованың "Ведьма", К.Паутовскийдің "Телеграмма" шығармаларын талқылады. "Бір отбасы-бір кітап" акциясы аясындағы "Оқырман отбасы" сайысына қатысушылары.



Сәтбаев қаласы №27 мектепте "Бір отбасы-Бір кітап" облыстық акциясы аясында ұйымдастырылған "Оқырман отбасы" облыстық байқауы негізінде мектебіміздің оқушылары мен ата-аналары да байқауға өз үлестерін қосуда. Отбасылық оқуда 8"Ә" сыныбы Фрэнсис Бернеттің "Таинственный сад" шығармасын оқып, отбасылық кітап оқу дәстүрін қайта жаңғыртты.



Облыстық "Бір отбасы-бір кітап" акциясы аясында Сәтбаев қаласының №27 жалпы білім беретін мектебінің 8"Б" сынып оқушылары отбасымен Джек Лондонның "Зов предков" фильмін тамашалады.



9"Б" сыныбы Т.Крюкованың "Ведьма" шығармасын оқыды.



10"Ә" сыныбы Бексұлтан Нұржекеевтің "Бір өкініш, бір үміт" еңбегін отбасымен талқылады.



Әлемдік геология ғылымында еңбектерімен ерекше орын алатын – академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 12 сәуір туған күніне «Әлем таныған тұлға» атты кітап көрмесі жасалынды.



Қарағанды облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «№27 жалпы білім беретін мектебі» коммуналды мемлекеттік мекемесінде «Бір отбасы- бір кітап» облыстық акциясына 1"Ә", 5"Б" сыныптары белсене қатысты. Айта кететін болсақ, оқушылар ата-аналарымен Т.Жексенбайдың “Бүркіттің балапаны”, М.Әуезовтың “Жетім” шығармаларын оқыды.

Жобаның басты мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітап оқу арқылы сөздік қорларының мол болуына үлес қосу.



Оқулықты күтіп ұстау жөнінде іс-шаралар өтіліп тұрады. «Кімнің оқулығы таза», «Оқулық беттерінен» тақырыбында іс –шаралар өткізілді. Мектептегі кітапхана көмекшілерімен ай сайын барлық сыныптардың оқулықтарына рейд жүргізіліп оқулықтардың тазалығы тексерілді. Оқушылардың оқулықтары түптеп жиналды. 2021 – 2022 оқу жылына 1 сынып оқушыларына оқулықтарға тапсырыс берілді. 8 сыныптарға жетпейтін оқулықтарға қосалқы тапсырыс берілді. 2,3,4,5,6,7,8,9,10 сыныптарға ағылшын дәптерлеріне тапсырыс берілді.

Мектеп кітапханасы 2020-2021 оқу жылына жоспарлаған жұмыстарын толық орындады.

Қорытынды.

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы—әркезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері—кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманындада кітап адамның ой—өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс—шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу—тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлін беуін қадағалап тұру.Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу.

Кітапхана меңгерушісі:

К.А.Куйкабаева